

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Құрық ауылы әкімінің 2024 жылғы 18 қазандағы № 225 шешімі.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19, 69 баптарына сәйкес, Құрық ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Құрық ауылы жерінен жалпы көлемі 0,2754 гектар жер участкесін "Ak Su KMG" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне инженерлік желілер (әуе желілері) құрылышын салу үшін жер пайдаланушылардан алып қоймай 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Құрық ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялануға жіберуді;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қарақия ауданы әкімдігінің интернет – ресурстарына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Әкім

C.Есенкелдіұлы

Шешімге қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер участкелерінің тізімі

№	Жер участкелері берілетін жердегі жер пайдаланушылардың атаулары мен жер санаттары	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі, га
I	Құрық ауылының жері	0,2754
1	"Интергаз Орталық Азия" АҚ	1,1314
Барлығы:		1,4068